

"Күзетілетін объектілерден және азаматтардың пәтерлерінен, оның ішінде күзет қызметінің мемлекеттік емес күзет субъектілері күзететін объектілерден Жедел басқару орталығына, Астана, Алматы қалаларының және облыстардағы ішкі істер бас басқармаларымен Ішкі істер басқармаларының кезекші бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған полиция кешенді күштерінің ден қоюын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 280 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 13 қыркүйектегі N 541 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 4 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3871. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 507 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 16.05.2016 № 507 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кейбір мәселелері туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 наурыздағы N 189 кпү қаулысын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. "Күзетілетін объектілерден және азаматтардың пәтерлерінен, оның ішінде күзет қызметінің мемлекеттік емес күзет субъектілері күзететін объектілерден Жедел басқару орталығына, Астана, Алматы қалаларының және облыстардағы ішкі істер бас басқармаларымен Ішкі істер басқармаларының кезекші бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған полиция кешенді күштерінің ден қоюын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 280 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2288 болып тіркелген) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Күзетілетін объектілерден, азаматтардың пәтерлерінен және меншіктің барлық нысандарындағы өзге де объектілерден Жедел басқару орталықтарына, Астана, Алматы қалаларының және облыстар ішкі істер департаменттерінің кезекші бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған полиция кешенді күштерінің ден қоюын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Күзетілетін объектілерден, азаматтардың пәтерлерінен және меншіктің барлық нысандарындағы өзге де объектілерден Жедел басқару орталықтарына, Астана, Алматы қалаларының және облыстар ішкі істер департаменттерінің (бұдан әрі - ПД) кезекші бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған полиция кешенді күштерінің ден қою тиімділігін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:"

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Күзетілетін объектілерден, азаматтардың пәтерлерінен және меншіктің барлық нысандарындағы өзге де объектілерден Жедел басқару орталықтарына, Астана, Алматы қалаларының және облыстар ішкі істер департаменттерінің кезекші бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған полиция кешенді күштерінің ден қоюын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.";

2 - т а р м а қ т а :

"Астана, Алматы қалалары Ішкі істер бас басқармаларының, облыстардағы ПББ-ПБ-нің, көліктегі ішкі істер басқармаларының" деген сөздер "Астана, Алматы қалаларының және облыстар ішкі істер департаменттерінің, көліктегі ішкі істер департаменттерінің" деген сөздермен ауыстырылсын; "Жедел басқару орталықтарына, ПББ-нің, ПБ-нің кезекші бөлімдеріне" деген сөздер "Жедел басқару орталықтарына, Астана, Алматы қалаларының және облыстар ПД-нің кезекші бөлімдеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және азаматтардың пәтерлерінен, оның ішінде күзет қызметінің мемлекеттік емес субъектілері күзететін" деген сөздер ", азаматтардың пәтерлерінен және меншіктің барлық нысандарындағы өзге де" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры А.Ж.Шпекбаевқа, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитетіне (Қ.Ш.Сүлейменов), Мемлекеттік күзет қызметі департаментіне (А.Қ.Мұқажанов), Қоғамдық қауіпсіздік департаментіне (Ғ.А.Алпысбаев) және Жол полициясы департаментіне (Ө.Т.Түсімов) жүктелсін."

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Күзетілетін объектілерден және азаматтардың пәтерлерінен, оның ішінде күзет қызметінің мемлекеттік емес күзет субъектілері күзететін объектілерден Жедел басқару орталығына, Астана, Алматы қалаларының және облыстардағы ішкі істер бас басқармалары мен ішкі істер басқармаларының кезекші бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған полиция кешенді күштерінің ден қоюын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Күзетілетін объектілерден, азаматтардың пәтерлерінен және меншіктің барлық нысандарындағы өзге де объектілерден Жедел басқару орталықтарына, Астана, Алматы қалаларының және облыстар ішкі істер департаменттерінің кезекші бөлімдеріне келіп түсетін дабыл белгілеріне қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған полиция кешенді күштерінің ден қоюын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық";

барлық мәтін бойынша:

"ПББ-ПБ" деген аббревиатура "ПД" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

"ҰТ" және "ПҚН" деген аббревиатураларды "ПҚК ПҚН" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

"КПП патрульдік-күзет наряды" деген сөздер "ПҚК ПҚН" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

"және азаматтардың пәтерлерінен, оның ішінде күзет қызметінің мемлекеттік емес күзет субъектілері күзететін" деген сөздер ", меншіктің барлық нысандарындағы өзге де объектілерден" деген сөздермен ауыстырылсын;

кіріспенің екінші абзацындағы "Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" заң күші бар Жарғысы," , "Қазақстан Республикасының Заңы," деген сөздер "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы", "Қазақстан Республикасының Заңдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - тармақта:

"полиция кешенді күштерінің" деген сөздер "полиция кешенді күштерінің патрульдік-күзет нарядының (бұдан әрі - ПҚК ПҚН)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ұстау топтарына (бұдан әрі - ҰТ)" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мамандандырылған күзет қызметтерінің және күзет қызметі субъектілерінің нарядтарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"аса маңызды объектіден, тіршілікті қамтамасыз ету объектісінен" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мамандандырылған күзет қызметі бөлімшелері күзететін объектіден" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "(жазғы маусымда - 2 минут, қысқы мерзімде - 3 минут)" деген сөздер "кемінде 5 минутта" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақтағы "күзетілетін объектіге қатысты карточкаға сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын;

10-тармақтың 3-тармақшасындағы үшінші абзацта мынадай мазмұндағы бесінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Объектіні орналастырудың және оқшаулаудың жоспар-сызбасы болмаған

жағдайда КПК ПКН объект құрылысының сәулеттік және басқа да ерекшеліктерін есепке ала отырып, әрекет етеді."

13-тармақта: "ізін суытпай" деген сөздер алынып тасталсын;

18-тармақта "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының" деген сөздер алынып тасталсын;

6-тараудың тақырыбындағы "Күзетілетін пәтерден" деген сөздерден кейін ", оның ішінде дабыл сигнализациясы кнопкасымен жабдықталған пәтерден" деген сөздермен толықтырылсын;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Кезекші бөлімнен "Дабыл" сигналын алғаннан кейін ПКК ПКН қысқа жолмен көрсетілген мекенжайға барады. Онда бара жатқан кезде ПКК ПКН аға қызметкері "Дабыл" сигналын алған уақытты белгілейді және кезекшіден күзетілетін пәтердің ерекшеліктерін (кіреберістердің, терезелердің, балкондардың және т.б. орналасуын) нақтылайды. Қажетті мекенжайға келген кезде жарқырауық маяк алдын ала сөндіріледі, автомобиль құқық бұзушылар келген нарядты байқап, оқиға орнынан қашып кете алмайтындай болып тоқтайды .";

32-тармақтағы "және орталықтандырылған күзет пультіне (бұдан әрі - ОКП)" деген сөздер алынып тасталсын;

7-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Полицияның кешенді күштері патрульдік-күзет нарядтарының пәтерді карау тәртібі";

3 5 - т а р м а қ т а :

"анықтайды" деген сөзден кейін "немесе автоматтандырылған деректер базасы бойынша тексереді" деген сөздермен толықтырылсын; төртінші сөйлем алынып тасталсын;

37-тармақ алынып тасталсын;

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Егер қоңырауға немесе есікті қаққанға ешкім жауап бермесе, есікті, терезелерді және басқа да осал жерлерді бақылауға алуды ұйымдастыру қажет. Егер пәтер жалдаушы немесе сенімді адам жоқ болса, онда шартта белгіленген тәртіппен күзет қызметінің субъектісі біріншісі - пәтердің иесіне берілетін, екіншісі - күзет қызметінің субъектісінде сақталатын тиісті актілерді екі данада жасай отырып, куәгерлердің қатысуымен өзінде сақталатын екінші кілтпен пәтерді аша алады.";

39-тармақта "КӨС-тің электромонтеры сигнализацияның іске қосылу себебін анықтайды, оның жұмысқа жарамдылығы тексеріледі және пәтер ОКП-ға

тапсырылады" деген сөздер "осы пәтерге байланысты бұдан кейінгі қажетті барлық әрекеттерді күзет қызметінің субъектілері жүргізеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тарау алынып тасталсын.

2. Мемлекеттік күзет қызметі департаменті (А.Қ.Мұқажанов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр